

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2024 жылғы 9 қазандағы № 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 қазанда № 7807-15 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Петропавл қалалық мәслихат төрағасы

А. Бердагулов

Солтүстік Қазақстан облысы

Петропавл қалалық мәслихатының

2024 жылғы 9 қазандағы

№ 2 шешіміне

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Азаматтардың жекелеген санаттарына Петропавл қаласында автомобиль көлігінде тегін жол жүруге әлеуметтік көмек көрсету туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2009 жылғы 29 шілдедегі № 3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-1-161 болып тіркелді);

2. "Азаматтардың жекелеген санаттарына Петропавл қаласында автомобиль көлігінде тегін жүруге әлеуметтік көмек көрсету туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2009 жылғы 29 шілдедегі № 3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-1-219 болып тіркелді);

3. "Азаматтардың жекелеген санаттарына Петропавл қаласында автомобиль көлігінде тегін жол жүруге әлеуметтік көмек көрсету туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2009 жылғы 29 шілдедегі № 3 шешіміне толықтыру енгізу туралы"

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2012 жылғы 3 шілдедегі № 7 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-1-227 болып тіркелді);

4. "Азаматтардың жекелеген санаттарына Петропавл қаласында автомобиль көлігінде тегін жол жүруге әлеуметтік көмек көрсету туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2009 жылғы 29 шілдедегі № 3 шешіміне толықтыру енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2014 жылғы 7 қарашадағы № 7 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3005 болып тіркелді);

5. "Азаматтардың жекелеген санаттарына Петропавл қаласында автомобиль көлігінде тегін жүруге әлеуметтік көмек көрсету туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2009 жылғы 29 шілдедегі № 3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4339 болып тіркелді).